

Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек ауданындағы Алғабас және Шаян ауылдық округтерінің шекараларын өзгерту туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2010 жылғы 25 маусымдағы N 31/308-IV Шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 12 шілдедегі N 252 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2010 жылғы 30 шілдеде N 2032 тіркелді

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11- бабына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек аудандық мәслихаты мен әкімдігінің бірлескен ұсынысын ескере отырып, Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ** және Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Бәйдібек ауданының Шаян ауылдық округінің әкімшілік шекарасына Алғабас ауылдық округінен жалпы көлемі 107,0 гектар жер бөлігінің қосылуымен Шаян және Алғабас ауылдық округтерінің шекаралары өзгертілсін.

2. Осы бірлескен шешім және қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихат хатшысы

Ә.Досболов

А.Мырзахметов

Р.Тәңірбергенов